



Ұлытау облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2024 жылдың үшінші тоқсанына арналған шекті мәндерін бекіту туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2024 жылғы 23 шілдедегі № 46/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Сауда қызметін реттеу туралы" заңдарына, "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11245 тіркелген) сәйкес Ұлытау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлытау облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2024 жылдың үшінші тоқсанына арналған шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ұлытау облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлытау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. Әбдіғалиұлы

Ұлытау облысы әкімдігінің
2024 жылғы " " _____ № _____
қаулысына қосымша

Ұлытау облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2024 жылдың үшінші тоқсанына арналған шекті мәндері

№	Тауарлар атауы	Үшінші тоқсан (теңге)
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	293
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	251
3	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	447
4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	453

5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді , өлшеніп салынатын), килограмм	676
6	Картоп, килограмм	287
7	Асханалық сәбіз, килограмм	305
8	Басты пияз, килограмм	211
9	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	214
10	Ақ қант - құмшекер, килограмм	550
11	Күнбағыс майы, литр	694
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	3055
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	1604
14	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, литр	530
15	Айран, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, литр	566
16	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 % толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	4788
17	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана	612
18	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм	113
19	Сүзбе: майлылығы 5-9 %, килограмм	2715